



KORKYT ATA
UNIVERSITY

<https://korkyt.edu.kz/>

СЫР ТҮЛЕГІ

жастар газеті

1992 жылдың мамырынан бастап шығады

№4 (458) 30 сәуір,
2026 жыл



Құттықтаймыз!

1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні қарсаңында өңірімізде ерекше мерекелік іс-шара өтті. Береке мен бірлікті дәріптеген салтанатты жиында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев тұрғындарды айтулы мерекемен шын жүректен құттықтап, ел ынтымағы мен татулығының маңызын атап өтті.

Салтанат барысында Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес, елдің әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына сүбелі үлес қосқан бірқатар азаматтар мемлекеттік наградалармен марапатталды. Олардың қатарында өндіріс пен денсаулық сақтау саласының үздіктері, кәсіпкерлік өкілдері, сондай-ақ мәдениет пен ғылым қайраткерлері бар.

Қуанышты жаңалықтардың бірі – Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры Наурызбай Байқадамовтың III дәрежелі «Барыс» орденімен марапатталуы. Бұл – оның ел игілігі жолындағы ерен еңбегінің айқын көрінісі.



1 МАМЫР

Қазақстан халқының
бірлігі күні

СТУДЕНТТЕРГЕ АРНАЛҒАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕ

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Басқарма Төрағасы – ректоры Наурызбай Байқадамов Корея Республикасы Кеймён университетінің профессоры Ким Сангсуді қабылдады. Кездесу барысында алдағы бірлескен жобаларды жүзеге асыру, қосымша курстар мен қысқа мерзімді бағдарламалар ұйымдастыру мүмкіндіктері талқыланды. Тараптар академиялық ынтымақтастықты кеңейтуге және студенттер мен оқытушылар алмасуын дамытуға өзара қызығушылық білдірді. Сонымен қатар, Кеймён университеті студенттермен алмасу және қос дипломды бағдарламалармен жұмыс жасау жөніндегі келісім-шарттарының жобаларын ұсынды.

Корея Республикасы Кеймён университетінің профессоры Ким Сангсу 2026 жылғы

6-7 сәуір күндері Шетел тілі: екі шетел тілі (ағылшын-кәріс) БББ студенттеріне Корея грамматикасы/Korean Grammar as a Foreign



language курсының оффлайн форматта өткізу және студенттермен жақын танысу мақсатында университетке келді. Бұл курс бір семестрге жалғасатын Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетімен Кеймён университеті арасындағы келісім шарт негізінде Корея Қоры қолдауымен ақпан айынан бастап онлайн форматта ұйымдастырылған. Лекция барысында профессор Ким Сангсу кәріс тілінің грамматикалық құрылымдарын шетел тілі ретінде тиімді меңгеру жолдарын түсіндіріп, теориялық білімді практикалық тапсырмалармен ұштастырды.

Сонымен қатар, профессор кәріс тілін үйренудегі мәдени ерекшеліктерге тоқталып, Кореядағы тілдік орта мен білім беру жүйесі туралы қызықты мәліметтермен бөлісті. Профессор Ким Сангсу студенттердің белсенділігіне жоғары баға беріп, халықаралық академиялық байланыстарды одан әрі дамытуға дайын екенін атап өтті.

ИНЖИНИРИНГТІК ПАРКТИҢ ІРГЕТАСЫ ҚАЛАНДЫ

2026 жылғы 21 наурызда Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Руслан Рүстемов, Мұрат Әбенов, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ерғешбаевтың қатысуымен Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті Инжинирингтік паркінің іргетасын қалау рәсімі өтті.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Жасанды интеллектің дамыту, бұл – ұран емес, бұл экономикалық идеологияның негізгі тірегі, тіпті ұлттық

идеологиямыздың мызғымас тұғыры болуға тиіс» деп цифрландырудың басты міндеттерін орындауды тапсырды.

2023 жылы Қазақстандағы Корея Республикасы Бас Консулдығының ресми шақыртуымен облыстан арнайы делегация Оңтүстік Кореяға барған болатынбыз. Сапар барысында екіжақты кездесулер мен іс-шаралар ұйымдастырылды. СеулТех университетімен білім, ғылым саласында тиімді байланыстар орнатылды.

Нәтижесінде сол жылы 6 қарашада Сеул ұлттық ғылым және технология университетімен бірлесіп, жасанды интеллектің экономиканың барлық саласына енгізуге білікті кадрлар дайындау үшін Қорқыт ата университетінде Қазақстандағы алғашқы Жасанды интеллект институты ашылды. Бүгінде институтта 240 студент, оның 200-і бірлескен білім беру, 40-ы қосдипломды бағдарлама бойынша оқиды. Болашақ мамандар аймағымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуына ерекше серпін береді деп сенеміз.

«Әлемді ғылым құтқарады - IV»: білім мен ізденіске бастар жол



2026 жылғы 1 сәуірде Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде «Әлемді ғылым құтқарады –IV» атты дәстүрлі ғылым айлығының шымылдығы түрілді. Салтанатты жиынды университеттің Басқарма Төрағасы – ректоры Наурызбай Байқадамов ашып, ғылымның адамзат өркениетін алға жетелейтін басты күш екенін ерекше атап өтті. Өз сөзінде ректор Мемлекет басшысының ғылым мен білімге, инновацияға басымдық беріп отырғанын тілге тиек етіп, ғылыми ізденіс пен жаңашылдық – ел болашағының берік тұғыры екенін жеткізді.

Маңызды басқосуға қатысқан АМАНАТ

партиясы Қызылорда облыстық филиалының төрағасы Жандос Базартай ғылым айлығының мән-маңызына тоқталып, жас зерттеушілерге шабыт пен табыс тіледі.

Сонымен қатар, Инжинирингтік технологиялар білім беру бағдарламасының профессоры, химия ғылымдарының кандидаты Нұрбол Аппазов ғылымның ел дамуына қосар үлесі орасан зор екенін атап өтіп, ғылыми еңбектің құндылығына тоқталды. Айлықтың ашылу рәсімі университеттің «Ботаникалық бақ» орталығында университеттің басшылық құрамы, профессор-оқытушылар, ғалымдар мен білім алушылардың ағаш отырғызу акци-

ясымен жалғасты. Бұл игі бастама ғылым мен табиғаттың үндестігін айшықтап, қоршаған ортаға деген жауапкершілікті арттыруға бағытталды.

Айта кетейік, ғылым айлығы 1-30 сәуір аралығында өтеді. Осы уақыт ішінде түрлі ғылыми жобалар байқауы, зияткерлік ойындар, тәжірибелік семинарлар, вебинарлар, конференциялар, ашық дәрістер мен тағылымды кездесулер ұйымдастырылмақ. Салтанатты шара қатысушыларға ерекше әсер сыйлаған студенттердің әсем әнімен түйінделді.

ҚАЗАҚСТАН МЕН ӘЗЕРБАЙЖАН ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ II ФОРУМЫ

Қазақстан Республикасы мен Әзербайжан Республикасы арасындағы жоғары білім саласындағы ынтымақтастықты одан әрі дамыту мақсатында 2026 жылғы 6 сәуірде Қазақстан мен Әзербайжан жоғары оқу орындары ректорларының II форумы аясында Innotech powered by Arizona State University алаңында халықаралық көрме ұйымдастырылды. Аталған көрменің салтанатты ашылуына Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек және Әзербайжан Республикасының Білім министрі Эмин Амруллаев қатысты.

Форум жұмысына Әзербайжан Республикасынан 25-тен астам жоғары оқу орнының өкілдері қатысып, екі ел арасындағы білім және ғылым саласындағы әріптестікті кеңейтуге бағытталған маңызды келіссөздер жүргізілді. Өз кезегінде Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті Әзербайжанның 5 жетекші жоғары оқу орнымен өзара ынтымақтастық туралы келісімдерге қол қойды. Бұл келісімдер академиялық ұтқырлықты дамытуға, бірлескен білім беру бағдарламаларын іске асыруға және ғылыми-



зерттеу бағытындағы серіктестікті нығайтуға негіз.

Қазіргі уақытта Қорқыт Ата университеті Әзербайжан жоғары оқу орындарымен академиялық алмасу және Орхун бағдарламасы аясында тығыз әріптестік орнатып отыр. Атап айтқанда, 2025-2026 оқу жылында университет студенттері Azerbaijan State Academy of Physical Education and Sport базасында білім алуға, сондай-ақ бірқатар студенттер Azerbaijan State University of Economics қабырғасында оқуын жалғастыруда. Аталған бастамалар екі елдің жоғары білім беру жүйелері арасындағы стратегиялық әріптестікті нығайтып, білім алмасу мен ғылыми интеграцияны жаңа деңгейге көтеруге ықпал етеді.

Білім көкжиегін кеңейткен бағдарлама

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің 15 студенті академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында Жүсіп Баласағұн атындағы Қырғыз ұлттық университетінде білім алуға.

Бағдарлама барысында білім алушылар ақпараттық технологиялар, бағдарламалау, цифрлық жүйелер мен деректерді өңдеу бағытында меңгеріп, халықаралық тәжірибе алмасуға мүмкіндік алды. Сонымен қатар, студенттер заманауи білім беру үдерісімен танысып, академиялық және мәдени ортада өзара тәжірибе алады.

Академиялық ұтқырлық бағдарламасы студенттердің кәсіби құзіреттілігін арттыруға, білім сапасын жетілдіруге және халықаралық білім беру кеңістігінде тәжірибе жинауға бағытталған.

Айта кетейік, мұндай бағдарламалар университеттің халықаралық ынтымақтастығын нығайтып, студенттердің бәсекеге қабілетті маман ретінде қалыптасуына жол ашады.



ҚОРҚЫТ АТА АТЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА УНИВЕРСИТЕТІНІҢ СТУДЕНТТЕРІ SDU UNIVERSITY БАЗАСЫНДА ӨТКЕН «ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ – ЖАСТАР» СТУДЕНТТІК КӨШБАСШЫЛАРДЫҢ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ФОРУМЫНА ҚАТЫСТЫ

2026 жылғы 24 сәуірде университет атынан Жастар ісі жөніндегі комитет төрағасы Салтанат Бижігітқызы мен Инженерлі-технологиялық институттың студенттік кеңес төрағасы Еркөбүлан Баядилов қатысып, оқу орнының белсенді жастарының атынан өз үлестерін қосты. Форум жастар арасында тәжірибе алмасуға және өзекті мәселелерді талқылауға арналған маңызды республикалық алаңға айналды. Іс-шара барысында жастардың құқықтық сауаттылығын арттыру, жаңа Конституцияның негізгі қағидаларын түсіндіру, сондай-ақ Абай Құнанбаевтың «Толық адам» ілімі негізінде рухани-адамгершілік, зияткерлік және көшбасшылық қасиеттерді дамыту мәселелері кеңінен қарастырылды.



Бағдарлама аясында «Нұрлы ақыл», «Жылы жүрек», «Ыстық қайрат» бағыттары бойынша панельдік сессиялар, практикалық воркшоптар мен пікірталас алаңдары ұйымдастырылды. Сонымен қатар, экологиялық акция шеңберінде 20 көшет отырғызылып, «Көшбасшылар» аллеясының ашылуына орай ағаш отырғызу рәсімі өтті.

Форум қорытындысы бойынша белсенді студенттер ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің Алғыс хатымен марапатталды. Аталған форум университет студенттері үшін тәжірибе алмасуға, жаңа идеялармен бөлісуге және көшбасшылық қабілеттерін дамытуға зор мүмкіндік берді.

«Жауқазын» студенттік театры «Шәмші сүйген Изольда» қойылымын сахналады

2026 жылғы 15 сәуірде Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің «Жауқазын» студенттік театры «Шәмші сүйген Изольда» атты қойылымды көрермен назарына ұсынды. Сахналық туынды қазақ музыка өнерінің көрнекті өкілі Шәмші Қалдаяқовтың өміріндегі махаббат пен шығармашылық әлемін бейнелеуге арналды.

Қойылым барысында композитордың сезімге толы өмір жолы, өнерге деген адалдығы мен адамгершілік болмысы әсерлі түрде сахналанды. Студенттердің актерлік шеберлігі мен сахналық мәдениеті көрермендер тарапынан жоғары бағаланып, қойылым ерекше атмосферада өтті. Басқарма Төрағасы – ректор Наурызбай

Байқадамов студенттердің шығармашылық еңбегіне ризашылығын білдіріп, жастардың өнерге деген қызығушылығы мен шығармашылық бастамаларын қолдау университеттің маңызды бағыттарының бірі екенін атап өтті.

Айта кетейік, «Жауқазын» студенттік театры университет студенттерінің шығармашылық әлеуетін дамыту мақсатында түрлі қойылымдар ұйымдастырып келеді. Ұжым алдағы уақытта да жаңа сахналық туындыларымен көрермендерді қуантуды жоспарлап отыр.

Студенттер театры әр оқу жылының басында жаңа студенттер, жас таланттарды іріктеп, түрлі жанрдағы қойылымдарды дайындап шығармақ.

Түркиялық студенттер Қорқыт Ата университетінде білім алуда

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетіне академиялық ұтқырлық бағдарламасымен Түркия Республикасының Сельджук университетінен студенттер білім алуға келді. Студенттер «Тарих және археология» білім беру бағдарламалары бойынша білім алатын болады. Академиялық ұтқырлық бағдарламасының мақсаты – студенттердің халықаралық білім беру кеңістігіндегі тәжірибесін кеңейту, мәдениетаралық байланыстарды нығайту және білім сапасын арттыру. Осы мақсатта шетелдік студенттер университеттің оқу процесіне қатысып, профессор-оқытушылар құрамының дәрістерін тыңдап, ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысады. Сонымен қатар, Түркиядан келген студенттер Қызылорда өңірінің тарихымен, мәдениетімен танысып, университеттің қоғамдық және студенттік өміріне белсенді қатысатын болады. Бұл өз кезегінде екі жоғары оқу орны арасындағы халықаралық ынтымақтастықты нығайтып, білім мен тәжірибе алмасуға мүмкіндік береді. Айта кету керек, Қорқыт Ата университеті халықаралық академиялық ұтқырлық бағдарламасын жүйелі түрде дамытып, шетелдік жоғары оқу орындарымен серіктестікті кеңейту бағытында белсенді жұмыс жүргізіп келеді.



ҒЫЛЫМ – ҚОҒАМ ДАМУЫНЫҢ БАСТЫ ҚОЗҒАУШЫ КҮШІ



Ғылым – тек зертханалар мен формулалардың жиынтығы емес. Ол – елдің экономикалық қуаты, қоғамның интеллектуалдық деңгейі, болашақтың айқын бағдары. Ғылым дамыған жерде өндіріс те, технология да қарқынды дамиды. Ең бастысы – адам капиталының сапасы артады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауларында ғылымды ұлттық дамудың негізгі күші ретінде айқындап келеді. Президент ғылыми зерттеулердің экономикамен тығыз байланыста болуы, олардың нақты өндірісте қолданылуы және коммерцияландыру деңгейінің артуы қажеттігін бірнеше рет атап өтті. Сонымен қатар, жас ғалымдарды қолдау, ғылыми инфрақұрылымды жаңғырту және отандық ғылымның халықаралық бәсекеге қабілеттілігін арттыру – мемлекеттік саясаттың маңызды бағыттарының бірі.

Осы тұрғыдан алғанда, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде жүргізіліп жатқан ғылыми жұмыстар өңірлік емес, ұлттық маңызға ие. Соңғы жылдары университет ғылымды дамытуда жүйелі әрі нәтижелі жұмыстар атқарып отыр.

2025-2026 оқу жылында университетте 23 ғылыми жоба жүзеге асырылуда. Оның ішінде мемлекеттік гранттар, халықаралық бағдарламалар, өндірістік тапсырыстар мен коммерцияландыру жобалары бар. Бұл жобалардың жалпы қаржыландыру көлемі 394 миллион теңгеден асады. Ал 2025 жылы 38 жоба жүзеге асырылып, ғылым саласындағы

табыс 838 миллион теңгеден асқан. Ғылымның басты миссиясы – адам өмірін жақсарту. Университет ғалымдарының зерттеулері дәл осы мақсатқа бағытталған.

Бүгінде оқу орнында экология, ауыл шаруашылығы, химия, биотехнология, инженерия және әлеуметтік ғылымдар бағытында ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Әсіресе, Арал өңірінің экологиялық жағдайын жақсартуға арналған жобалар ерекше маңызға ие. Сонымен қатар, медицина саласында да тың жаңалықтар бар. Ісікке қарсы жаңа қосылыстарды әзірлеу, биомедициналық технологияларды жетілдіру бағытындағы зерттеулер – болашақ денсаулық сақтау жүйесіне қосылатын үлкен үлес.

Ауыл шаруашылығы саласында жүргізіліп жатқан зерттеулер де өзекті. Тұзды топырақ жағдайында өнімділікті арттыру, жаңа дақыл түрлерін бейімдеу сияқты жұмыстар елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін аса қажет. Университет халықаралық ынтымақтастықты дамытуға ерекше көңіл бөледі. Erasmus+, Horizon сияқты беделді бағдарламалар аясында жүзеге асырылып жатқан жобалар отандық ғылымды әлемдік ғылыми кеңістікке шығаруда. Еуропа мен Азия елдерінің жетекші университеттерімен бірлескен зерттеулер тәжірибе алмасуға, жаңа технологияларды меңгеруге мүмкіндік береді.

Ғылыми жобаларды коммерцияландыру – басым бағыттардың бірі. Биологиялық белсенді қоспалар өндірісін жолға қою жобасы – соның айқын мысалы.

Сонымен қатар, кәсіпорындардың тапсырысы негізінде жүргізіліп жатқан ғылыми-зерттеу жұмыстарының саны да артуда. Мұндай жобалар өндірістегі нақты мәселелерді шешуге бағытталған. Ғылымның болашағы – жастардың қолында. Осыны жасқы түсінген университет жас ғалымдарды қолдауға ерекше мән береді. Соңғы жылдары ректор гранты арқылы қаржыландырылатын жобалар саны айтарлықтай артты. 2021 жылы небәрі 4 жоба қолдау тапса, 2025 жылы бұл көрсеткіш 20-ға жетті.

Университетте 35 ғылыми үйірме жұмыс істейді. Студенттердің 40 пайызы ғылыми-зерттеу жұмыстарына тартылған. Жастар тек білім алып қана қоймай, ғылыммен айналысып, өз идеяларын жүзеге асыруда. Республикалық байқаулардағы жеңістер – осы еңбектің нәтижесі.

Ғылымның сапасы оның жарияланымдарымен өлшенеді. 2025 жылы университет ғалымдары Scopus және Web of Science базаларында 232 ғылыми мақала жариялауы – халықаралық деңгейдегі үлкен көрсеткіш. Ғылыми мақалалар үшін берілетін қаржылай сыйақылар зерттеушілердің белсенділігін арттыруда маңызды рөл атқаруда. Университетте ғылымды дамыту үшін барлық жағдай жасалған. 6 ғылыми орталық, ондаған зерттеу бағыттары, заманауи зертханалар – осының бәрі ғылыми ізденістердің сапасын арттыруда. Ғылым – ұзақ мерзімді нәтиже беретін сала. Бүгінгі зерттеу – ертеңгі технология, бүгінгі идея – ертеңгі өндіріс.

Наргүл САҚТАҒАНОВА,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Ғылым департаментінің директоры, PhD

ҒАЛЫМДАР ДӘНДІК ҚҰМАЙДЫҢ АҒАРАРЛЫҚ САЛАДАҒЫ ӘЛЕУЕТІН ТАЛҚЫЛАДЫ

2026 жылғы 8 сәуірде «Әлемді ғылым құтқарады – IV» ғылым айлығы аясында «Дәндік құмай – егіншіліктің табыс көзі» тақырыбында ғылыми-практикалық семинар өтті. Іс-шараның басты мақсаты – аграрлық ғылымның өзекті бағыттарын талқылап, дәндік құмай дақылының маңызын арттыру және ғылыми-зерттеу нәтижелерін тәжірибеге енгізу болды. Семинар барысында Аграрлық технологиялар БББ профессор-зерттеушісі, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы И.А.Таутонов «Аграрлық ғылымның адамзат тіршілігіндегі маңызы» тақырыбында мазмұнды баяндама жасады. Ол өз сөзінде мәдени өсімдіктердің жаңа түрлері мен сорттарын шығару, олардың өнімділігі мен сапасын арттыру, сондай-ақ өсімдік шаруашылығының теориясы мен өсіру технологияларын жетілдіру агрономия ғылымының негізгі міндеттерінің бірі екенін атап өтті.



Сонымен қатар, Аграрлық технологиялар БББ қауымдастырылған профессоры, PhD С.Ж. Бекжанов және АҒР-25-1D тобының докторанты Қ.А. Қаймолдаева «Қазақстандық Арал өңірі күріш жүйелерінің тұзды топырақтарында дәндік құмайдың отандық және шетелдік селекциясы сорттарын экологиялық сынау» тақырыбындағы ғылыми жоба аясында жүргізіліп жатқан зерттеу нәтижелерімен бөлісті. Баяндамада дәндік құмай сорттары мен сортүлгілерін экологиялық сынау қорытындылары, сондай-ақ оның тағамдық құндылығы жан-жақты қарастырылды. Семинар қорытындысында қатысушылар дәндік құмай дақылының аграрлық саладағы әлеуетін жоғары бағалап, ғылыми зерттеулерді одан әрі дамыту мен өндірісте тиімді қолдану мәселелері жайлы талқылады.



ҚОРҚЫТ АТА АТЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА УНИВЕРСИТЕТІ ERASMUS+ MECAS ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖОБАСЫНА ҚАТЫСТЫ



Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті эоинформатика бойынша магистрлік бағдарламаны әзірлеуге бағытталған халықаралық жобаға қосылды. Университет серіктес жоғары оқу орындарымен бірге Еуропалық Одақтың Erasmus+ бағдарламасы аясындағы ERASMUS-EDU-2025-CBHE-STRAND-2 конкурсында «MECAS: Арал теңізі бассейнінің әсерін бағалауға арналған эоинформатика магистрлік бағдарламаларын әзірлеу» жобасымен жеңіске жетті. Үш жылға жоспарланған бұл жоба жоғары білім беру жүйесінің әлеуетін арттыруға бағытталған. Негізгі мақсат – геоақпараттық технологиялар мен қашықтықтан зондтау әдістерін қолдана отырып, Арал теңізі өңірінің экологиялық мәселелерін шешуге қабілетті «Эоинформатика» мамандығы бойынша заманауи магистрлік бағдарлама әзірлеу.

Жобаны жүзеге асыруға Еуропа мен

Орталық Азияның жетекші оқу орындары қатысуда. Олардың қатарында Турин политехникалық университеті (Италия), Бейра Интериор университеті (Португалия), OBREAL-GLOBAL OBSERVATORY қауымдастығы (Испания), әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Нүкіс мемлекеттік техникалық университеті, Ташкент ирригация және ауыл шаруашылығын механикаландыру инженерлері институты және Ташкент ақпараттық технологиялар университетінің Үргеніш филиалы бар. Аталған серіктестік тәжірибе алмасуға, білім беру бағдарламаларын жетілдіруге және пәнаралық құзыреттерді дамытуға мүмкіндік береді.

Жобаны іске асырудың аясында 2026 жылғы 24-26 наурыз аралығында Италияның Турин қаласындағы Турин политехникалық университетінде халықаралық оқу тренингі өтті. Оған серіктес университеттердің өкілдерімен қатар Қызылорда университетінің оқытушылары Шолпан Умбетова, Гүлнар Сыдықова және Жанна Асанова қатысты.

Тренинг бағдарламасы екі негізгі бағытты қамтыды. Біріншісі – қашықтықтан зондтау және спутниктік кескіндерді өңдеу. Қатысушылар деректерді алу, жер жамылғысын жіктеу және экологиялық талдау әдістерімен танысты. Екіншісі – өзендік мекен ету орталарын бағалау және гидроморфология. Мұнда су эоқжүйелерін бақылау, далалық зерттеулерді цифрлық технологиялармен ұштастыру тәсілдері қарастырылды. Сонымен қатар қатысушыларға «Экологиялық ғылымдағы жасанды интеллект», «Арал апатын модельдеу» және «Эоинформатика және кәсіпкерлік» секілді жаңа пәндер таныстырылды.

Қатысушылар қашықтықтан зондтаудың электромагниттік принциптерін, спутниктік кескіндерді өңдеу тәсілдерін, экологиялық индикаторларды анықтау және жер жамылғысын жіктеу әдістерін меңгерді. Сабақтар дәріс, интерактивті талқылау және практикалық тапсырмалар форматында өтті.

Екінші модуль өзен эоқжүйелерін бағалау мен гидроморфологиялық талдауға арналды. Мұнда далалық деректерді жинау мен

оларды цифрлық құралдар арқылы өңдеу, гидроморфологиялық индекстерді қолдану және өзен жүйелерінің жағдайын болжау мәселелері қарастырылды. Қатысушылар нақты деректермен жұмыс істеп, тәжірибелік дағдыларын жетілдірді.

Жоба аясында қолданылатын оқыту әдістері аралас білім беруді, зертханалық сабақтарды және топтық жобалық жұмыстарды қамтиды. Нәтижесінде студенттер тек теориялық білім алып қана қоймай, оны тәжірибеде қолдануды, командалаумен жұмыс істеуді және нақты



экологиялық мәселелерді шешуді үйренеді. MECAS жобасы нәтижесінде 120 ECTS көлеміндегі екі жылдық магистрлік бағдарлама әзірленеді. Бағдарлама экологиялық мониторинг, геоақпараттық жүйелер және қоршаған ортаны басқару бағыттарын қамтиды.

Нүкіс мемлекеттік техникалық университетінің өкілі Асия Турениязова бұл бастаманың өңірлік академиялық әлеуетті нығайтудағы және Арал теңізі бассейнінің табиғи ресурстарын тиімді басқарудағы маңызын атап өтті. Туринде өткен оқу тренингі MECAS жобасын жүзеге асырудағы маңызды кезең болды.

MECAS жобасы – жоғары білім беру жүйесін дамытуға бағытталған ірі қадам ғана емес, сонымен қатар Арал өңірінің экологиялық мәселелерін шешуге және оның тұрақты дамуын қамтамасыз етуге арналған маңызды бастама.

Шолпан УМБЕТОВА,
Жоба жетекшісі,
техника ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор.



ЦИФРЛЫҚ ӨЗІНДІК ОҚУ ЭКОЖҮЙЕСІ: СТУДЕНТТЕРДІҢ ОҚУ ҮДЕРІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ МОДЕЛІ

Студенттердің өздігінен білім алу дағдылары (Self-Regulated Learning, SRL) бүгінгі жоғары білім беру жүйесінің маңызды компонентіне айналуға, себебі оқу үдерісін белсенді жоспарлау, бақылау және бағалау қабілеттерін қалыптастырады. SRL ұғымы әлеуметтік-когнитивтік теорияға сүйенеді және студенттердің оқу мақсаттарын қою, оқу стратегияларын таңдау, прогресті қадағалау және өзін-өзі бағалау сияқты когнитивтік-метакогнитивтік процесстерді белсенді басқару ретінде қарастырылады. Зерттеулер SRLды дамыту студенттердің академиялық нәтижелеріне оң әсер ететінін көрсетеді. Мысалы, өздігінен білім алу жоғары оқу көрсеткіштерімен, оқу материалын терең меңгерумен және оқу мотивациясының артуымен байланысты. Сонымен қатар, метакогнитивтік бақылау, уақытты басқару және стратегияларды өзгерту сияқты компоненттер оқу белсенділігін жоғарылатуға ықпал етеді. Бүгінгі уақытта цифрлық құралдар мен платформалар оқу үдерісін ұйымдастыруда маңызды рөл атқарады. Оқу басқару жүйелері (Learning Management Systems, LMS), виртуалды зертханалар және симуляциялар студенттердің оқу әрекеттерін жоспарлау, мониторинг және бағалау мүмкіндігін кеңейтеді, бұл өздігінен білім алудың аспектілерін қолдауға негіз болады. Мысалы, физика пәндеріне арналған интерактивті симуляциялар студенттердің теориялық ұғымдарды практикада тексеруіне және әрбір тапсырмадағы қателіктерді өзіндік түзетуге мүмкіндік береді. Алайда физика сияқты нақты жаратылыстану пәндерін оқытуда студенттердің өздігінен білім алу дағдыларын дамыту педагогикалық тұрғыдан әлі де өзекті мәселе болып қалып отыр. Бұл пәннің мазмұны абстрактілі ұғымдар қамтитынына байланысты, студенттердің оқу белсенділігін, метакогнитивтік мониторингті және стратегиялық жоспарлауды талап етеді.

Осы тұрғыдан алғанда, цифрлық өзіндік оқу экожүйесін құру студенттердің оқу үдерісін ұйымдастыру, жоспарлау және қадағалау қабілеттерін дамыту үшін кешенді және ұтымды педагогикалық тәсіл ретінде қарастырылады. Осындай экожүйе оқу материалын өздігінен меңгеру, оқу тапсырмаларын орындау, оқу прогресін бақылау және рефлексия жүргізу мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс.

Физика пәні үшін интерактивті симу-

ляциялар, LMS жүйелері және мобильді қосымшалар салыстырылып, олардың оқу материалын бейімдеу, тапсырмаларды ұйымдастыру және студенттердің оқу белсенділігін қолдау мүмкіндіктері қаралды. Модель студенттердің оқу жоспарын құруға, прогресті қадағалауға және оқу материалын өздігінен меңгеруге мүмкіндік беретін модульдерден тұрды. Мұндай құрылым студенттердің оқу үдерісін ұйымдастыруға және когнитивтік, метакогнитивтік дағдыларын дамытуға бағытталған. Сонымен, зерттеу әдістемесі студенттердің өздігінен білім алу үдерісін қолдайтын цифрлық платформаларды ғылыми негізде сипаттауға және олардың құрылымдық модельдерін құруға бағытталды. Бұл тәсіл физика сияқты күрделі пәндерде цифрлық экожүйенің құрылымдық және функционалдық ерекшеліктерін көрсетуге мүмкіндік береді.



Когнитивтік аспект студенттің ақпаратты өңдеу мен қолдану стратегияларын білдірсе, метакогнитивтік аспект студенттің өз оқу белсенділігін бақылау және стратегиялық шешімдер қабылдау қабілетін көрсетеді. Ал, мотивациялық компонент студенттің оқу тапсырмасын орындауға ішкі ынтасы мен тұрақтылығын анықтайды.

Цифрлық платформалар білім беру ортасында SRLды қолдауға мүмкіндік беретін сыртқы «құрылымдық» қолдауларды ұсынады. Олар оқу материалын қайталап меңгеру, жеке тапсырмаға сәйкес стратегия таңдау, прогресті бақылау және автоматтандырылған ұсыныстар

секілді құралдар арқылы көңілқұйді көтеру, рефлексия мен өзін-өзі реттеу қабілеттерін ынталандырады.

Bates, Siemens және Laurillard зерттеулеріне сүйене отырып бірнеше классикалық цифрлық платформа түрлері және олардың SRLды қолдау рөлдері анықталды:

LMS платформалары оқу мазмұнын жүйелендіріп, тапсырмалар, тесттер, талқылаулар мен кері байланыс құралдарын біріктіреді. Олар студенттерге кездейсоқ оқудан гөрі жоспарлы оқу мүмкіндігін береді, мақсат қою мен прогресті бақылауды жеңілдетеді. Мұндай платформалар когнитивтік стратегияларға (түсіну, талдау, қолдану) және метакогнитивтік бақылауға (оқу прогресін қадағалау, өздігінен бағалау) әсер етеді.

Интерактивті құралдар студенттердің теорияны практикалық түрде қолдануына мүмкіндік береді, бұл когнитивтік білімді тереңдетеді. Мұндай платформалар студенттердің стратегиялық сынқатерлі тапсырмаларды шешудегі аналитикалық және проблеманы шешу қабілеттерін дамытуға бағытталған.

Мобильді оқу қосымшалары. Мобилді платформалар оқу материалын кез келген жерде қайталау мүмкіндігін жасайды, бұл студенттердің оқу уақытын өздері жоспарлауына және оқу белсенділігін арттыруға ықпал етеді. Мұндай құралдар ынталандыру режимдерін (тапсырмалар, ұпайлар, белгілеулер) интеграциялау арқылы мотивациялық компонентті күшейтеді.

Әлеуметтік және коллаборативті платформалар (блогтар, чаттар). Бұл платформалар студенттер арасында әлеуметтік өзара әрекеттестікті қолдайды, білімнің әлеуметтік конструкциясы мен түсінігін нығайтады. Олар метакогнитивтік сөздік, пікірталас және топтық рефлексияны дамытуға ықпал етеді, бұл SRLды тереңдетеді. Цифрлық өзіндік оқу экожүйесін эмпирикалық түрде жүзеге асырып, оны оқу үдерісінде апробациядан өткізу жоспарлануда. Атап айтқанда, жүйенің студенттердің оқу белсенділігіне, мотивациясына және өздігінен білім алу дағдыларына ықпалын тәжірибелік зерттеу арқылы анықтау маңызды.

**Тоғжан ҚАРАБАЛА,
Ф-24-3д(з) оқу тобының
докторанты**

ӘДЕБИЕТ – АДАМ ЖАНЫНЫҢ АЙНАСЫ

Көркем әдебиет – адамзаттың ғасырлар бойы жинақтаған рухани қазынасының ең асыл бөлігі. Ол тек әдемі сөздер тізбегі ғана емес, адамның жан дүниесіне әсер ететін, ой-санасын қалыптастыратын, өмірге деген көзқарасын өзгертетін күшке ие өнер. Әдебиетті оқыған сайын адам өзін де, өзгені де тереңірек түсіне бастайды. Кітап оқу – жай ғана уақыт өткізу емес, ол – рухани қажеттілік.

Көркем шығармалар арқылы оқырман түрлі кейіпкерлердің тағдырын бастан кешіп, олардың қуанышы мен қайғысын бірге сезінеді. Осы арқылы адамның жүрегінде мейірім, жанашырлық, сабырлық сияқты қасиеттер қалыптасады. Әсіресе, бүгінгі заманда адамдар арасындағы қарым-қатынастың әлсіреп бара жатқанын ескерсек, әдебиеттің мұндай

тәрбиелік маңызы одан әрі арта түседі. Сонымен қатар, көркем әдебиет адамның ойлау қабілетін дамытады. Әр шығарма оқырманды ойлануға, талдауға, салыстыруға жетелейді.

Кейіпкерлердің іс-әрекетіне баға беру арқылы адам өз өміріне де сын көзбен қарай бастайды. Бұл өз кезегінде дұрыс шешім қабылдауға, өмірде өз орнын табуға көмектеседі. Көркем әдебиеттің тағы бір ерекшелігі – оның тіл байлығын арттыруы. Кітап оқытып адамның сөздік қоры молайып, сөйлеу мәдениеті қалыптасады. Әдемі, бейнелі сөздерді қолдану арқылы адам өз ойын анық әрі әсерлі жеткізе алады. Бұл – кез келген салада жетістікке жетудің маңызды шарттарының бірі.

Әдебиет – ұлттың рухани айнасы. Әр

халықтың болмысы, тарихы, салт-дәстүрі ең алдымен оның әдебиетінде көрініс табады. Сондықтан көркем шығармаларды оқу арқылы біз өз мәдениетімізді тереңірек танып, ұлттық құндылықтарды қадірлеуге үйренеміз. Ерте заманда Аристотель әдебиетті өмірді танып-білудің әрі тәрбие берудің маңызды құралы деп қарастырған. Ал Әуезов әдебиетті халықтың мінез-құлқын қалыптастыратын күш ретінде бағалаған. Қазіргі зерттеушілердің бірі Кит Оутли көркем әдебиетті «сананы жағтықтыратын құрал» деп түсіндіреді. Яғни, ол адамның өмірлік жағдайларды ойша бастан кешуіне мүмкіндік береді.

**Максат ШАРБЕК,
КТӨ-24-5 оқу тобының студенті**

Ғылыми жаңалықтар - қоғам игілігі



Жастардың білімге деген құштарлығының артуы – қоғамдағы игі өзгерістердің айқын көрінісі. Қазіргі таңда, әсіресе жаратылыстану ғылымдарына қызығушылық танытып, алған білімін өндіріс саласында тиімді пайдаланып жүрген ғалымдар аз емес. Осындай талапты да дарынды жандардың бірі – Рахымжан Тұрманов. Ол органикалық химия саласында терең ғылыми зерттеулер жүргізіп, аймаққа халықаралық ғылыми тәжірибені енгізуге елеулі үлес қосып келеді. Бүгінде Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде дәріс оқып, жас ұрпаққа бағыт-бағдар беріп, олардың ғылымға деген қызығушылығын арттыру жолында табанды еңбек етуде.

– Рахымжан Ахметханұлы, органикалық химияның өзіндік артықшылықтары мен маңыздылығы қандай? Бұл сала өңірдегі өндіріс үдерістерімен ұштастырудың қандай жолдары бар деп ойлайсыз?

– Органикалық химияның артықшылықтары мен маңыздылығын кеңірек қарастырсақ, оның ғылымда да, күнделікті өмірде де алатын орны ерекше екенін көруге болады. Ең алдымен, органикалық химия – тіршіліктің химиялық негізін зерттейтін ғылым. Ол тірі ағзалардың құрамын және онда жүретін процестерді қарастырады. Ақуыздар, нуклеин қышқылдары (ДНК, РНК), ферменттер – барлығы органикалық қосылыстар. Осы арқылы адам ағзасындағы зат алмасу, энергия түзілу, тұқымқуалаушылық сияқты маңызды құбылыстар түсіндіріледі.

Медицина мен фармацевтикада органикалық химияның рөлі зор. Ол жаңа дәрілік заттарды жасауға мүмкіндік береді. Антибиотиктер, витаминдер, гормондар, ауырсынуды басатын дәрілер – барлығы органикалық қосылыстарға негізделген. Бұл адамдардың өмір сүру ұзақтығын арттырып, көптеген ауруларды емдеуге жол ашады.

Өнеркәсіпте органикалық химия мұнай-химия саласының негізін құрайды: бензин, керосин, дизель отыны, сондай-ақ полимерлер (пластик, синтетикалық талшықтар), бояғыштар мен лактар өндіріледі. Осының арқасында заманауи техника мен тұрмыстық бұйымдар шығарылады.

Ауыл шаруашылығында тыңайтқыштар, гербицидтер, инсектицидтер өндіріледі. Олар ауыл шаруашылығы өнімдерінің өнімділігін арттырып, зиянкестерден қорғауға мүмкіндік береді.

Адамдар күн сайын қолданатын көптеген заттар – органикалық химияның нәтижесі: синтетикалық маталардан тігілген киімдер, косметика және парфюмерия, жуғыш заттар, сабын, тағам қоспалары.

Органикалық химия – тек теориялық ғылым ғана емес, ол адам өмірінің барлық саласына тікелей әсер ететін, экономиканы, медицинаны және технологияны дамытатын маңызды ғылым. Оның арқасында жаңа дәрілер, материалдар мен энергия көздері пайда болып, адамзаттың өмір сүру сапасы жақсарып келеді. Органикалық химияны өңірлік өндірістермен ұштастыру – ресурстарды тиімді пайдалану, жаңа технологияларды енгізу және экономиканы әртарапандырудың басты жолы. Бұл тек өндірісті ғана емес, жалпы өңірдің дамуын жеделдетеді. Жоғары оқу орындары мен зауыттар арасында байланыс

орнату, зертханалық жаңалықтарды өндіріске енгізу, студенттердің өндірістік тәжірибеден өтуін ұйымдастыру, инновациялық жобаларды қаржыландыру – ғылым мен өндірісті байланыстыратын маңызды тетіктер.

– Қарапайым адамдарға химия сияқты күрделі ғылымды түсінікті етіп жеткізу үшін қандай тәсілдерді қолдануға болады деп ойлайсыз?

– Химияны түсіндірудің ең тиімді жолы – оны қарапайым, көрнекі және өмірмен байланысты етіп, қызығушылық тудыра отырып жеткізу. Сонда күрделі ғылым да кез келген адамға түсінікті әрі қызықты болады.

– Қазан қаласында білім алған тәжірибенің бойынша, Ресей мен Қазақстанның оқу бағдарламалары мен білім беру тәсілдеріндегі басты ерекшеліктер қандай деп ойлайсыз?

– Ресей (мысалы, Қазан қаласында) және Қазақстандағы білім беру жүйелерін салыстырғанда, бірнеше маңызды айырмашылықтарды байқауға болады. Ресейде: бағдарламалар көбіне терең әрі теорияға бағытталған; негізгі пәндер (математика, химия, физика) өте кең қамтылады; классикалық білім беру дәстүрі сақталған. Оқыту әдістері бойынша дәстүрлі лекция және түсіндіру әдісі басым, тәртіп пен академиялық талаптар жоғары. Ал Қазақстанда: бағдарламалар жаңартылған мазмұнға негізделген, халықаралық стандарттарға бейімделу байқалады. Оқыту әдістері бойынша интерактивті әдістер (топтық жұмыс, талқылау) кең қолданылады, сыни ойлау мен өз пікірін айтуға мән беріледі.

Ресейдің білім беру жүйесі терең теориялық дайындықпен ерекшеленсе, Қазақстанда заманауи әрі практикалық бағыт күштірек. Екі жүйенің де артықшылықтары бар.

– Сіздің ғылымға келуіңізге кім әсер етті?

– Мен Шиелі ауданы, Бала би ауылындағы №50 мектепте білім алдым. Мектепте оқыған уақытымда 11-сыныпқа дейін химиялық білімім нашар болды, химияны мүлде түсінбедім деп айтуға болады. 11-сыныпта мектепке жаңадан мұғалім жұмысқа орналасып, бізге химиядан сабақ бере бастады. Химияны түсінугім сол мұғалімнің «Көмірсутектер», соның ішінде «Алкандар» тақырыбын түсіндіруінен басталды. Көміртегі атомының төрт валенттілігін ескере отырып, сутегі атомдарын қосып, көмірсутектердің құрылымдық формуласын жазу және олардың химиялық атауларын көрсету маған өте түсінікті әрі қызықты болды.

Келесі сабақтарда «Алкандар, алкиндер, алкадиендер, арендер, спирттер, жай эфирлер, күрделі эфирлер, альдегидтер, кетондар, карбон қышқылдары, майлар» тақырыптарын еркін меңгеріп, түсіне бастадым. Бұдан кейін меңгерілмей қалған 8-10 сыныптардағы химия оқулықтарын жинап, сол сыныптарда өтілген тақырыптарды үш ай бойы оқып, мектеп курсындағы химияны толық меңгердім.

Мен бастапқыда дәрігер боламын деп, биология пәнін тандап жүрген болатынмын. Алайда химияны меңгеріп, химияға деген қызығушылығым артып, химик-технолог, химик-зерттеуші боламын деп шештім. Сол кезде таңдау пәні ретінде тек бір пәнді ғана таңдайтынбыз, сондықтан биологиядан бас тартуыма тура келді. Мектептегі 11-сыныпта сабақ берген ұстазымның химия пәнін меңгеруіме және мамандық таңдауымда ықпалы ерекше болды.

Мектепті бітірген соң Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетіне

«Химия» мамандығына оқуға түстім. Университеттегі Құлбарам Сәдуақасқызы, Әнипа Тапалова, Нұрбол Аппазов, Марат Сыздықбаев және т.б. ұстаздарым химиялық білімімді толықтырып, одан әрі дамытты. Студенттік кезеңде ғылымды меңгеруімде Нұрбол Аппазов ұстазымның ықпалы ерекше болды: ол көптеген күрделі химиялық процестерді тәжірибе жүзінде көрсетіп, ғылыми білімімді дамытуыма үлкен үлес қосты.

Магистратурада «Химиялық технология», аспирантурада «Органикалық химия» мамандығы бойынша Ресейдің Қазан қаласындағы Қазан ұлттық зерттеу технологиялық университетінде білім алдым. Магистратурадағы зерттеуім мақта майын сутегі асқын тотығымен синтездеу процесін пероксофосфорофрамат катализикалық жүйесінің қатысуымен жүзеге асыруға бағытталды. Мақта майын өңдеудің жанама өнімі ретінде галогенополимерлер үшін тиімді тұрақтандырығыш-пластификатор, яғни кеңінен қолданылатын эпоксидті соя майына балама өнім алу мүмкіндігі көрсетілді.

Аспирантурада биологиялық белсенді қосылыстарды синтездеумен айналыстым. Гетероциклді қосылыстар әртүрлі биологиялық процестерде маңызды рөл атқарады және көптеген жылдар бойы зерттеушілердің назарын аударып келеді. Пирролидин туындылары гетероциклді қосылыстардың ең маңызды кластарының бірі болып табылады. Бір қызығы, пирролидин циклі дәрілік заттардың құрылымында жиі кездесетін гетероциклдердің бірі саналады. Бұл құрылымдық фрагмент табиғи (алкалоидтар: никотин, гигрин; амин қышқылы пролин және т.б.) және синтетикалық көптеген биологиялық белсенді қосылыстардың құрамына кіреді. Осыны ескере отырып, пирролидин туындыларын синтездеудің жаңа жолдарын табуға бағытталған жұмыстар жүргізілді.

Магистратура мен аспирантурада ғылыми-зерттеу жұмыстарымды жүргізуде Альмир Газизов, Дмитрий Милославский, Андрей Смолочкин сияқты ұстаздарым мен ғылыми жетекшілерімнің еңбегі өте зор. Олар үнемі ғылыми бағыт беріп, тәжірибелерімен бөлісіп отырды.

– Кімді үлгі тұтасыз?

– Ғылымда, білім беруде табанды еңбек еткен, нақты нәтижеге қол жеткізген, жасаған ғылымының нәтижесі бойынша қоғамға оң әсерін тигізген барлық ғалымдарды, өнертапқыштарды, зерттеушілерді, ұстаздарды үлгі тұтамын.

– Артыңыздан ерген жас ғалымдарға кеңесіңіз?

– Артымыздан ерген жас ғалымдарға кеңесім – оқу инемен құдық қазғандай. Әрине, басында бәрі қиын болады, кейін еңбектің нанын жейді. Еш ерінбей, шаршамай білім алса, тіл үйренсе, ғылыммен айналысса, нәтижеге жетеді. Алғашқы кезде қиындықтар болуы мүмкін, бірақ үздіксіз ізденіс пен табандылықтың арқасында кез келген мақсатқа жетуге болады. Сондықтан әрқашан білімге ұмтылып, өзіңізді дамытуға күш салу керек. Шет тілдерін үйрену, ғылыми әдебиеттермен жұмыс істеу, тәжірибе жинақтау – өте маңызды. Ең бастысы – ғылымға деген қызығушылықты жоғалтпау және үнемі алға ұмтылу.

– Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан
Дамира МЕЙРАМБЕКҚЫЗЫ

ПРОКРАСТИНАЦИЯ: УАҚЫТТЫ ҰРЛАЙТЫН ӘДЕТ



Прокрастинация – адамның маңызды тапсырмаларды саналы түрде кейінге қалдырып, оның орнына жеңілрек немесе маңызы төмен әрекеттермен айналысуы. Сырт көзге бұл еріншектік болып көрінуі мүмкін. Алайда шын мәнінде оның түбінде терең психологиялық себептер жатыр. Көп жағдайда адам жұмысты бастамағандықтан емес, оны бастауға ішкі кедергі сезінгендіктен кейінге қалдырады.

Мамандардың айтуынша, procrastinationның бірнеше негізгі себебі бар. Соның алғашқысы – сәтсіздіктен қорқу. Кейбір адамдар өз жұмысын мінсіз орындау керек деп ойлап, бірақ соған сенімсіздік танытып, әрекетті кейінге қалдырады. Перфекционизм де осы қатарға жатады. Тағы бір маңызды себеп – мотивацияның төмендігі. Егер тапсырманың мәні түсініксіз немесе қызықсыз болса, адам оны кейінге ысыруға бейім келеді. Сонымен қатар шамадан тыс шаршау мен күйзеліс те әрекетке кедергі келтіреді. Физикалық немесе психологиялық жүктеме артқан сайын адамның назарын шоғырландыру қиындай түседі. Бұған қоса, уақытты дұрыс жоспарлай алмау да кейінге қалдыру әдетін күшейтеді. Яғни procrastination – адамның «істегісі келмегендіктен» емес, көбіне «қорыққандықтан» немесе «өз мүмкіндігіне күмәнданғандықтан» туындайтын құбылыс. Ол уақытты жоғалтып қана қоймай, адамның өз-өзіне деген сенімін

төмендетіп, күйзеліске әкелуі мүмкін. Әсіресе шығармашылық салаларда бұл мәселе айқын байқалады. Ақпарат айдынында, музыка мен өнер, шығармашылық жұмыста идея бар болғанымен, оны жүзеге асыру кейінге қалдырыла береді. Соның салдарынан жоспарланған сапалы жұмыс уақыт тапшылығына ұшырап, нәтижесі көңілден шықпай қалуы мүмкін. Прокрастинацияның психологиялық табиғаты да күрделі. Перфекционист адамдар үшін кез келген істің алғашқы қадамының өзі стресс болуы мүмкін. Олар бәрін мінсіз орындауға тырысып, жұмысты бастау сәтін үнемі кейінге шегере береді.

Тағы бір себеп – эмоционалды қашу. Егер белгілі бір тапсырма адамда қорқыныш, сенімсіздік немесе жауапкершілік секілді жағымсыз сезімдер тудырса, ми сол эмоциядан қашу үшін жеңіл әрекеттерді таңдайды. Мәселен әлеуметтік желілерде сағаттап отыру, ұсақ-түйек жұмыстармен айналысу немесе қажетсіз дайындық жасау. Нейропсихология тұрғысынан алғанда да бұл түсінікті. Адам миы тез ләззат әкелетін әрекеттерді таңдауға бейім. Ал ұзақ мерзімді нәтиже беретін жұмыстар көп күш пен төзімділікті талап етеді. Сондықтан procrastination тек психологиялық ғана емес, белгілі бір деңгейде биологиялық құбылыс ретінде де қарастырылады. Цифрлық дәуірде бұл мәселе бұрынғыдан да өзекті бола түсті. Смартфондар, әлеуметтік желілер және үздіксіз ақпарат ағыны адамның назарын үнемі бөліп жібереді. Әрбір хабарлама немесе жаналық адамның назарымен бәсекеге түседі. Сонымен бірге қазіргі қоғамда «үнемі өнімді болу» мәдениеті қалыптасқан. Адам өзін өзгелермен салыстырып, үлгермеген сайын күйзеліске ұшырайды. Бұл да кейінге қалдыру әдетін күшейтеді. Әлемдік зерттеулерге сүйенсек, ересектердің шамамен 20-25 пайызы procrastinationдан зардап шегеді. Бұл құбылыс өмірдің әртүрлі салаларында – білімде, жұмыста, қаржы мәселелерінде және жеке қарым-қатынаста көрініс табады. Әсіресе жастар мен студенттер арасында бұл көрсеткіш

жоғары. Зерттеулер бойынша студенттердің 80-95 пайызы тапсырмаларды жиі кейінге қалдыратынын мойындайды. Олардың шамамен жартысы бұл жағдайды психологиялық кедергі деп санайды. Ол адамның эмоционалды күйімен, ойлау жүйесімен және әлеуметтік ортамен тығыз байланысты. Түн уағына дейін әлеуметтік желіде отырған студент, таңертең дәрісті қабылдауға қауқарсыз күйде болып, уақытын берекесіз өткізуі мүмкін. Сондықтан оның зияны тек уақыт жоғалту емес, сонымен бірге өнімділік пен өзін-өзі бағалауға да әсер етеді. Дегенмен бұл әдеттен арылуға болады. Мамандардың айтуынша, ең тиімді тәсілдердің бірі – жұмысты шағын бөліктерге бөлу, диаграмма арқылы жұмыс жасап нәтижеге жету.

Психологияда кең таралған «алты минуттық ереже» бойынша адам «тек алты минут жұмыс істеймін» деп миын сендіреді. Көп жағдайда осы қысқа уақыттың өзі бастаған істі жалғастыруға мотивация беріп, жігерлендіреді. Сонымен қатар нақты мерзім қою, перфекционизмді азайту және демалыс пен жұмыстың тепе-теңдігін сақтау да маңызды.

Ең бастысы – өзін кінәламау. Өзін үнемі жазғыру керісінше procrastinationяны күшейте түседі. Ақпараттың көптігі, мүмкіндіктің молдығы және назардың тұрақсыздығы бұл құбылысты күшейтеді. Алдымен батыл бастау, қателікті қабылдау және әрекетке көшу қажет. Өйткені бүгін басталған іс қана ертен нәтиже береді.

Уақыт – қайтып келмейтін құндылық. Сондықтан уақытты басқару тек жоспар құру емес, ол – сананы тәртіпке келтіру. Егер адам бүгіннен бастап кішкентай қадамдар жасап, жетістіктерге қол жеткізсе, ертенгі күні уақыты мен энергиясы әлдеқайда тиімді жұмсалады. Прокрастинацияны жеңу – бұл тек өнімділікті арттыру ғана емес, өз өмірін басқару қабілетін нығайту.

Ибнмахсұт РАХМЕТОВ,
Қорқыт Ата атындағы
Қызылорда университетінің түлегі

УАҚЫТТЫ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ – ТАБЫС КІЛТІ

Қазіргі қоғам – үнемі асығып жүретін қоғам. Бір жағынан жұмыс істеп отырып, екінші жағынан телефон қарауға да үлгереміз. «Екі кеменің басын ұстаған суға кетеді» дегендей, бәріне бірдей үлгеруге тырысып, ақырында ешқайсысын толық аяқтай алмай қаламыз. Осындай сәтте тайм-менеджмент ұғымы көмекке келеді. Бұл – тек уақытты есептеу емес, өмірді жүйеу. Тайм-менеджмент дегеніміз – жай ғана күнді жоспарлау емес, ең маңызды істерді дұрыс таңдай білу. Көп адам «жұмысым көп, уақыт жетпейді» деп шағымданады. Алайда мәселе жұмыстың көптігінде емес, оның реттелмеуінде. Әркімнің өз міндеті бар, бірақ оны жүйеге келтірсек, ауыртпалық әлдеқайда жеңілдейді.

Психология бұл жағдайды нақты түсіндіреді. Адам миы «жедел ләззатқа» бейім келеді. Яғни біз ұзақ уақыт нәтижесін күтетін істерден гөрі, дәл қазір қуаныш сыйлайтын әрекеттерді таңдаймыз. Телефон қарау, қысқа видеолар көру, бос әңгіме – бәрі дофаминді тез береді. Ал маңызды істер – оқу, жоба жасау, дайындық – тәртіп пен шыдамды талап етеді. Сол себепті адам жеңіл жолды жиі таңдайды да, уақыттың қалай өткенін байқамай қалады. Зерттеулерге қарағанда, адам күніне шамамен 2-3 сағатын әлеуметтік желіге жұмсайды, кей елдерде бұл 4 сағатқа дейін жетеді.

Ұйқыға 7-8 сағат, тамақ пен ас әзірлеуге 1,5-2 сағат, жолға 1-2 сағат кетеді. Бұған қоса теледидар, интернет, уайым мен бос ойлар-

ды қоссақ, күннің көп бөлігі байқалмай өтіп кетеді. Психологтардың айтуынша, адам күніне 40-60 минутын уайымға арнайды, ал оның басым бөлігі шындыққа айналмайтын нәрселер. Егер уақытты басқармаса, бірнеше мәселе туындайды. Біріншіден, стресс пайда болады, өйткені аяқталмаған істер жиналып қалады. Екіншіден, адам өзіне сенімсіз бола бастайды. Үшіншіден, өмір сапасы төмендейді. Жоспарсыз өткен күн мәнсіз өтеді. Бүгін басталмаған іс ертең де басталмайды. Сондықтан тайм-менеджментті қатаң шектеу емес, саналы таңдау ретінде қабылдау керек. Ол еркіндікті шектемейді, керісінше арттырады. Уақытын басқара алған адам өмірін де басқара алады.

<p>Құрылтайшы: Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитеті тексеріліп, №КЗ29VPY00077786 куәлігі берілген.</p> <p>Бас редактор: Қ.Ә.Омаров</p>	<p>АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:</p> <p>Н.С. БАЙҚАДАМОВ - Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Басқарма Торағасы-Ректоры М.Ә. БӨРІБАЕВА - Басқарма мүшесі-Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор Қ.Ғ. БЕКЕНОВ - «Медиа орталық» жетекшісі</p>	<p>Жауапты редактор: Дамира Аманжолова</p> <p>Техникалық редактор: Асқар Махашов</p>	<p>SYR TULEGI student jastar gazetі 1992 жылдан бері шығатын газеті</p> <p>Жарияланған мақаладағы автордың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді. Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды. «Сыр түлегіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуға міндетті.</p>
---	---	--	--